

**6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ізденуші
 диссертант Жабыкбаева Динара Маратовнаның «Мәңгілік Ел» идеясы
 аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін
 дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбында дайындалған
 диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Дуйсенбаев
 Абай Кабакбаевичтің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес және қазіргі мемлекеттік білім беру саясатының аясындағы мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер және ЖОО студенттерін оқу үдерісінде және сабақтан тыс іс-шараларда патриоттыққа және азаматтыққа тәрбиелеу бағытына арналған теориялық білімдермен үйлесімді және біртұтастықта деп баға беруге болады. Өйткені, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы жолдауында «Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер - жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары», - деп

			<p>атап көрсетсе, кезекті халыққа жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясының басты мақсаты - мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы және оның жетінші бағыты, жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың - көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімдікті туындатса. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламаны жүзеге асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриоттық пен азаматтыққа тәрбиелеу мәселесі қарастырылған. Сонымен бірге диссертант тақырыпқа сәйкес келесі мемлекеттік бағдарламаларды да қарастырған: «Қазақстан</p>
--	--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			<p>Республикасының үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасында» патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүйіп құрметтеуге, тандаулы дәстүрлерін сақтауға, дамытуға және Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеп, игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы қажет делінген. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының және «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» құжатының мазмұнында - Қазақстандық Ұлттық сәйкестіліктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде азаматтық сәйкестілік қарастырылған және оның қалыптасуы бүкіл қоғамдық құрылымдағы әлеуметтік жүйесінің, ең алдымен, азаматтық - патриоттық бағыттың маңызды бағыты екендігіне ерекше мән берілгендігін байқауға болады.</p>
		1) Диссертация мемлекет	1.3 Диссертация

		<p>бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); _____</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <p>Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі былай көрініс тапқан: «... азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді, халық дәстүрлерін құрметтеудің қажеттілігі айтылады.</p> <p>2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясын білдірді. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының мәні – қазақстандықтардың бірегей тарихи мақсатты, болашақ дамуға бағытталған ұлттық және мемлекеттік мүдделерді басшылыққа алуында. Ұсынылып отырған ұлттық идея қазақ халқының сан</p>
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			берілген.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар, өйткені «азаматтық», «патриоттық» ұғымы ғылыми тұрғыда негізделіп, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде педагогикалық шарттары анықталып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Алынған нәтижелері практикада азаматтық-патриоттық тәрбиенің дамуына мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағдарланған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаны педагогикалық тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

			қатар тәжірибе барысында алған нәтижелері негізінде дайындаған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасында көрініс тапқан.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Д.М. Жабыкбаеваның диссертациялық жұмысының өзектілігі толық талаптарға сай дайындалған. Себебі, қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері <i>ішкі бірліктің принциптеріне негізделген.</i> Зерттеу барысында алынған нәтижелері жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін азаматтық-патриоттық тәрбиесінің дамуына зор ықпал етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды.</i> Диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген (теориялық

			<p>модель, педагогикалық шарттар, эксперимент нәтижелері, математикалық аппарат, бағдарлама және т.б.). Диссертация кіріспеден, екі тараудан, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.</p>
		<p>4.3.Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері, зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелілігі, тақырыптың айқындылығы қойылған ғылыми зерттеу жұмысының талаптарын шешуге мүмкіндік берді. Зерттеудің мақсаты - жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушыларының, колледждер мен жоғары оқу орындары студенттерінің оқу-тәрбие процесінде азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастырудың тиімділігін арттырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу және оларға әдістемелік</p>

			<p>талдау жүргізу.</p> <p>Зерттеу міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеудің мәнін, құрылымын, міндеттерін анықтау. Оқу-тәрбие процесінде оқушылар мен студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін ашу; - оқу процесінде оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау; - арнайы және элективті педагогикалық пәндерді оқытуда жоғары сынып оқушылары мен студенттердің патриоттық сезімдерін қалыптастыру әдістемесін жасау және эксперименталды тексеру.
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан.</p> <p>«Мәңгілік Ел» идеясы</p>

	байланысқан; 3) байланыс жоқ _____	<p>негізінде қазақстандық жастарды тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде – жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері, патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері айқындалды.</p> <p>«Мәңгілік Ел» идеясы негізінде қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту жолдары» деп аталатын екінші бөлімінде – қазақстандық жастардың патриоттық-азаматтық тәрбиесін дамыту бойынша эксперимент нәтижелері қамтылған; оқу процесінде студенттер мен тәрбиеленушілердің патриоттық сезімін дамытудың негізделген педагогикалық шарттары мен әдістері анықталған.</p>
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) толық дәлелденді. Бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып және

		<p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>негізге алынып, авторлық тұрғыда сыни талдау көзқарасында жаңа шешім ретінде «Ұлттық тәрбие және таным» тақырыбындағы авторлық бағдарламаны жасақтап, оқу үдерісіне енгізу ұсынылған. 1 колледж және 2 жалпы білім беретін мектептерінде енгізу актілері алынды. Бұл бағдарлама сыни тұрғыдан ойлау, командалық жұмыс, креативтілік және коммуникация сынды қасиеттерге негізделіп жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ҒЫЛЫМИ жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар</i> <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Атап айтсақ. - жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің мәні, құрылымы мен міндеттері айқындалды; - оқу-тәрбие үрдісінде</p>

		<p>патриоттық және азаматтық тәрбие берудің мүмкіндіктері ашылды;</p> <p>- оқу процесінде азаматтық-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;</p> <p>- арнайы элективті педагогикалық пәндерді оқытуда студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, тәжірибеде сыналған.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеудің әзірленген теориялық ережелерін, тұжырымдары мен ұсыныстарын жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеуде қолдануға болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Технологиялық және басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген. Докторант барлық зерттеу әдіс-тәсілдерін қолданған.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда гуманитарлық бағытында ауқымды дәлелденген. Жұмыстың нәтижелері 12 ғылыми басылымда жарияланды. Оның ішінде 2 – Scopus библиографиялық және реферативті деректер базасына енгізілген журналдарда, 3 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспа басылымдарында, 3 – шетелдік рецензияланған журналдарда, 4 – халықаралық және республикалық конференциялар материалдарында
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ	7.1. қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға

		<p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Ия; 2) Жоқ</p>	<p>шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Автордың диссертациялық жұмысында әр қағидат жарық көрген мақалаларында толығымен дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген, жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің теориялық және әдістемелік базасымен, оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен, зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімін тапқан.</p>
		8.2	<p>Диссертация Диссертацияның</p>

	жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып диаграмма түрінде ұсынылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модель, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 197 сілтемеден тұрады. отандық, алыс, жақын шетел ғалымдарының тақырып бойынша әдебиеттеріне шолу

			берілген.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар, өйткені «азаматтық», «патриоттық» ұғымы ғылыми тұрғыда негізделіп, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде педагогикалық шарттары анықталып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Алынған нәтижелері практикада азаматтық-патриоттық тәрбиенің дамуына мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағдарланған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаны педагогикалық тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Академиялық тұрғыдан диссертацияның жазу сапасы мен нәтижелері жоғары.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысты оқып, талдай отырып жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі ұсыныстар мен кемшіліктер айтуға болады:

1. Диссертациялық зерттеу жұмысының бағыты бойынша азаматтық пен патриоттық тәрбие түрлері қарастырылған, дегенмен де тәрбиенің адамгершілік аспектісіне кеңірек тоқталса деп ойлаймын.
2. Отансүйгіштік пен елжандылықтың жоғары үлгісін көрсеткен қазақтың жеке тұлғалары жайында кеңінен тоқталып, қарастырып өткенде азаматтық пен патриоттық тәрбиеге баулудың үлгі-өнегесі ретінде диссертациялық жұмыстың құндылығы арта түсетін еді.
3. Ұсыныс ретінде, осы зерттеу еңбегінің жүйесінде келешекте оқу құралын шығару жүзеге асырылса, онда келешек жастарды «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеудің жолдарына бағыт-бағдар беретін педагогтер мен тәрбиеші қауымға зор көмек болатын және қолжетімді зерттеушілік еңбек ретінде қолданысқа ие болар еді.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді және академиялық адалдық принциптеріне сәйкес деп бағалаймын.

Жабыкбаева Динара Маратовнаның «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған.

Қорыта айтқанда, Жабыкбаева Динара Маратовна 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент, п.ғ.к, доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
профессоры**



А.К. Дуйсенбаев

НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ ішкі Ақпарат және
Қаржы-қаражат бөлімі